

ӘОЖ 613+616+37.01

МЕРЕКЕ ЖӘНЕ МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ

Н.К.Камалова, Л.Ж.Жұмабай
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазақстан Республикасы халықтарының жана қоғамға сай ой-өріс байқатып, экономикалық, әлеуметтік, саяси өмірдің дамуына елеулі үлес қосуы мәдени мұралар мен қоғамдық өзгерістерге сай рухани жаңашылдықтардың сабактастығы сақталуына байланысты.

Сабактастық сақталмайынша өмір салтының тұрақтылығы, қоғам тіршілігінің реттелуі, қауымдастық мүшелерінің әлеуметтендіру кезеңдері еленбей ұрпактар қарым-қатынасы мағынасын, заңдылығын жояды. Бұл қоғамдық қажеттіліктер өсу, даму, өркендеу заңдылықтары, ұрпак тәрбиесіндегі басты педагогикалық құралдардың бірі болып саналады.

Сонымен, әр қоғам мүшесі заман талабына сай қойылатын адами талаптары мен ұлттық дүниетанымын, мәдени құндылықтарын, педагогикалық ұстанымын, яғни айтқанда «міндетті минимумды» игермейінше сол қоғамның басқалармен теңдес мүшесі бола алмайды.

Мәдени мұра мен рухани жаңашылдық байланысын дәстүрлі мәдениет, соның ішінде дәстүрлі мәдени құбылыс ретінде мереке де атқарады. Шароев И.Г. айтудында бұхаралық мерекелердің отыз ғасырға жуық тарихы бар [1]. Тіпті Көне Гречияда «эортология» - мерекелер туралы ғылымның дамуы да қаралып отырган мәселенің түп тамыры теренде жатқанын дәлелдейді.

Мереке мәдениет құбылысы хақында ғылыми-теориялық талдаудың заты ретінде өткен ғасырдың 60-70 жылдары отандық және шетелдік әдебиеттерден орын алды. Бұл саладағы зерттеу жұмысының бастапқы кезеңдегі айрықша сипаты әлеуметтік және ізгілендірілген ғылымдарда қалыптасқан нақты әмпирикалық материалдарға сүйене отырып, қоғамдағы мәдени әрекеттердің тарихи негіздемесі мен онтологиялық бастауларын анықтауға бағытталған.

Арнайы әдебиеттерге талдау арқылы анықтағанымыз мерекені мәдени құбылыс ретінде қарастырып, оны дәстүрлі мәдениеттің тұжырымдамалар көлтіру онай емес. Сонда да болса келесі көзқарастарды атап өткен жөн:

1. мерекелердің тарихи-этнографиялық тұрғыдан қаралуы (Бахтин М., Брудный В.И., Арғынбаев Х., Сейдімбек А., Чичеров В.В., т.б.);

2. мерекелердің тарихи-әлеуметтік тұрғыдан зерттелуі (Жигульский К., Туманов И.М., Триадский Г.Г., Чечетин А.Д., Генкин Д.М., Конович А.А., Орлов О.Г. және басқалары).

Мерекені педагогикалық жүйенің формасы ретінде қарастыру, біздің ойымызша, мәдени мұраны иелену негіздемесі мен өткен тәжірибелі мұралыққа алу қажеттігіне жаңаша көзқарас тастау үшін қажет. Еліміздегі әлеуметтік және экономикалық реформалар көптеген рухани (саяси, идеологиялық, адамгершілік) негіздемелердің өзгеруіне байланысты бұл ұстанымның маңыздылығы артады.

Мерекені дәстүрлі рухани тәжірибелің түйіні ретінде түсінбеу - біздің тарихи мәдени қателігіміз. Бұл қателік руханиятсыздыққа жетелейтінін үғынуымыз керек. Сол себептен авторлардың бұл мақаладағы мақсаты мерекенің дәстүрлі мәдени тәжірибе екенін дәлелдеу.

Мереке - синкреттік мәдени-педагогикалық құбылыс. Оның әрекеттік негіздері үлттық дүнистаннымыңды сипаттайтын. Бабадан қалған мұра ретінде тұсау кесу, беташар жасау, тоқым қағу, уызқағанақ тойлау сияқты өмірдің барлық саласын қамтитын көптеген мәдени әрекеттердің мән-мағынасын игеру арқылы көрермен үлттық мұраны бағалауға бейімделеді. Вербалдық әрекеттері – бата, ән-жыр, рәсімдік сөздер – еш халықта дарымаған тапқырлық пен аяқ асты кенеттен байқата білетін жеке шығармашылық қабілеттерін шындауға әсер етеді. Ақындыққа, әншілікке, шешендікке жетектейтін, сынға түсіп шындалу мектебі. Сонымен бірге, мереке ынтымактастық байқататын, әлеуметтік қамқорлық аренасы. Мугедектер мен жалғыз бастыларға мерекелеу барысында аса назар аударылып, қамқорлық жасау – мереке ұйымдастыру-шыларының адами парызы. Мереке – қарым-қатынас қалыптастыру ортасы. Үлкендер мен арнағы шақырылған қонақтар, мереке кейіпкерлері – дәріптеу объектісіне айналады. Жеке тұлға үлгісі тәрбие құралы ретінде мерекелеу әдісінің бірі. Бәйгеден келген шабандоз жас кішілігіне қарамастан аты атальып, марапатқа ие болуы – қоғам көрегенділігінің күәсі.

Мерекелік әрекеттер барысында педагогикалық сабактастық көрініс алатын тағы да бір жағдаяты – қарым-қатынастық мәдениеттіліктің қазақы формасы – дастархан мәзірі мен соған қарасты тәрбиелік мәні бар қонақ қабылдау, күту және шығарып салу. Қонақтарды қарсы алу ишараттарымен бірге оларды күтетін орынның арнағы дайындалуы – көнеден қалыптасан дәстүр. Рухани мұраның материалдық бірлігі – мерекелік жабдықталған киіз үй. Дастархан мәзірі барысында әлеуметтік орынына лайықты қонақтарға тартылатын сый, жыл мезгілі мен мереке мазмұнына лайықты тағам түрлерін қамтамасыз ету - ұйымдастырушылар мен қонақтардың өзіне де сынды сәт. Сый табақтарды мүшелерімен орынды тарту бар да, оларды орынмен, дәстүрлі жолдарымен қонақтардың қабылдай білуі де үлкен сын. Құдалықты бастап келіп отырған адамның бас табаққа бата бере білмеуі, қайтарып алған келіннің сәлеміне жауап қайыра алмауы үлкендік пен көрегенділікке жатпайды, бас құда ретінде құрметке де бөлене алмайды. Бас табақ пен қос табақ, сый табақ пен күйеу табақты ажыратса алмаған, орынмен тарту ете алмаған ауылдың қонақ күту мәдениетін игеріп, көрегенді аталуы да екі талай. Сол себептен дастархан мәзіріне жауапты адам елін қөргенсіз атандырмас үшін қазақы дәстүрмен қонақ күту мәдениетінен үлгі алып, ел тәрбиелілігін дәлелдейтіндегі болғаны жөн. Ол үшін бұл саладағы сабактастық та естен шықпауы тиісті. Және дастархан мәзіріне байланысты әрекеттерді тек тамақтану түрғысынан емес, дала мәдениеті үлгісінен ұғыну мен ұғындыру тек ауыл арасындағы қонақтарды ғана емес, заман ағымының белгісі – шетелдік қонақтарды күтуде де сақтау – үлттық мәдени талап.

Адами әрекет сан түрлі. Біздердің тоқталатынымыз мәдени процестен өз орынның алатын мерекелер. Мереке барысында адамдар дәстүрлі әрекеттер арқылы рухани кеңістікте бірлесіп, өзінің ой-санасын білдіреді. Мерекелеу арқылы адамдар шығармашылық мүмкіндіктерін байқатып, тарихтағы өзі мен өзгенің орынның танып, қоғам мәдениетін арттырады. Мерекелеу уақығасына байланысты өзінің қажеттілігі мен мүмкіндігін байқатып, әр адам өзінің рухани межесін кеңіте алады. Сонымен бірге әр адам мерекелеу барысында өзінің мәдени тәжірибесін арқылы дәстүрлі мәдениетті игеріп, заманауи қажеттілігін өтеп, тек жеке өзінің ғана емес қоғамның да тарихи санасын дамытуға ынталандыратын әрекетке араласады. Осындағы мәдени әрекетке араласу арқылы әр адам қоғамның мәдени-практикалық тәжірибесіне сәйкес өзінің дара мәдени тәжірибесін қалыптастырады. Дәстүрлі мәдени әрекеттер, соның ішінде мерекелер, әлеуметтік тәжірибелің ұрпаққа алмасуының көне амалы. Откен мен жағаны байланыстыру арқылы мерекелер адамзаттың елеуден өткізген құнды тәжірибесінің жиынтығы. Мерекелер бүгінгі күнгі әлеуметтік маңызды реттеушілік қызметтеп бірге болашаққа да бағдар береді.

Еліміздің тарихи дамуы барысында мәдени дәстүрді жаңғырту маңыздылығы артып, дәстүрлі мәдениеттіміздің зобаландар мен әлеуметтік дағдарыстар кезінде түп тамыры үзіле жаздаған мерекелердің откен ұрпақ жалғастыра алмаған әлеуметтік және рухани тәжірибелі дамыту мүмкіндігін анықтау үшін мерекелердің байланыс жасау құралдарына талдау жүргізу қажеттігі туындалап отыр.

Жеке тұлғаның қоғаммен байланыс жасаудына, тарихи-мәдени құндылықтарды таңдаудына мерекелердегі мәдени белгілер әсер етеді. Мәдени белгі ретінде тек көрнекі материалдық заттар ғана емес семантикалық мағынасы бар ұғымдар да ғасырлар бойы

ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады. Қазақ мерекелері мен салт-дәстүрлеріндегі сөздік белгілер: жалпы мағына беретін терминдер, арналы фольклорлық диалогтар, бата т.с.с; заттық белгілер: ала жіптен, көк шептен, ток ішектен өрілген тұсаулар, тұмар, шырша, ту т.с.с; графикалық белгілер: елтаңба, өнірлік белгі, білім кілті т.с.с; өнер туындылары: ән, өлең, әшекей бұйымдар; рәсімдік әрекеттер: тұсауды кесу, бет ашу, әскери шеру, салтанатты қарауыл т.с.с; рәсімдік қимылдар: сәлем салу, амандасу, қол алышу т.с.с; рәсімдік тағамдар: қалжа, шашыратқы, уыз көже, бас табак, сый табақ т.с.с – бәрі қазақ дүниетанымын айқындастын белгілер. Мерекелік әрекеттердің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы бір белгілі ұғымдар арқылы адамдардың қарым-қатынас жасауының негізінде атқарылады. Қоғамда немесе әлеуметтік топта мерекелеу әрекеттері қалыптасқан үлгі негізінде атқарылады. Олар мереке мәні мен мерекелік уақиғаның құндылығын, атқарылатын әрекеттердегі семантикалық формаларды игеріп, оның рухани мағынасын ұфынып, қоғамның рухани қазынасына өз кезегінде, мерекелеу барысында үлесін қоса алады. Соңдықтан мереке рухани құндылықтарды игеруге ғана емес, сонымен бірге әр жеке тұлғаның рухани қоры мен тәжірибесін жинақтап өз тарапынан жаңалықтар енгізуге де мүмкіндік ала алады. Қалыптасқан тәжірибелі мерекенің ішкі дәстүрлі механизмі деп атасақ, әлеуметтік топ, жеке тұлғалар қосатын өзгерістерді сыртқы мәдени ықпал деп атایмыз. Яғни, қоғам дамуының әр сатысында ішкі дәстүрлі механизм үлгілері жеке тұлғаның өзіндік мәдени қалыптарының ықпалы арқылы жаңа мәдени мағыналар туындалады.

Мәдени-педагогикалық сақталудың басты факторы – қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі әр жеке тұлға мен оның қоршаған ортасына деген тұрақты мәдени белгілері. Оларды екі салаға бөлуге болады. Бірінші – сақтандыру ниеттің тұрақты түрде барлық мәдени-педагогикалық ішшараларда сақталуы. Адамға, жан-жануарға, табиғат құбылыстарына – адам өміріне әсер етер құбылыстарының бәрін де жамандықтан сақтау ниеті басты идеяға айналады. Оған арналған сақтандыру ишаралттары: аластау, тұмар тағу, екі от ортасынан өткізу т.с.с. әрекеттер осы күнге дейін тұрмысымыздан орын алу себебі қазақ халқының табынушылық дінді сақтау қажеттігін емес, ұрпағы мен оны тіршілік және табиғат қауіптерінен сақтандыру ниеті басымдылығында. Екінші, жақсылықтың алдын алып, орындалған куаныштың орынын толтыру арқылы тіршілік гармониясын болдыру, сақтауға байланысты. Шашу шашу, бала кіндігін табалдырық астына көму, бала тұсауын жоғарыға ілу, қырқынан шығарғанда құндақталған баланы үйден қырық қадам алып шығып қайтадан үйге кіргізу т.б. – бәрі орнаған гармонияны тұрактандыру сабактастығын жоймау ниеті.

Осы құбылыс туралы В.С.Баллер: «...мәдениет әр жеке тұлғаның нағыз құпиясы. Құпиялылық оның жалпылығында», - деп көрсетеді [1]. Әр адам өзінің дамуы барысында заманындағы мәдени құндылықтарды игереді. Жеке тұлға игерген құндылықтарын талғамының, дүниетанымының сараптауынан өткізіп, өзіндік мәдени туындарға жасайды. Жетпіс жыл дәстүрлі рухани құндылықтар құрсауда болып, ұлт өкілдері олардан қажетінше нәр ала алмай өскендіктен, ендігі жерде дәстүрлі мәдениетке негізделген мәдени әрекеттер атқару әлеуметтік реформалардың бір міндеттіне айналуы қажет.

Бұл міндеттің нәтижелі орындалуы жеке тұлғалар мен мәдени мекемелердің бүгінгі көркем шығармаларында, қойылымдарында дәстүрлі мәдениетпен сабактастығын табуына, үзілгендерін жалғастыруға мүмкіндік туғызылуына байланысты [2]. Тоталитарлық қысымдылықтың басты ықпалы осы шығармалар мен қойылымдардың тарихта қалыптасқан үлгілерімен сабактастығына қарсы болуы. Сол себептен адам әлеуметтік әрекеттердің жауапты субъектісінен тапсырысты орындаушы объектіге айналып отырды. Тіпті сирек атқарылған дәстүрлі әрекеттерге қорқыныш пен селкостық байқату салдарынан олардың мәндік-мағыналық факторларына назар аударылмай, сигникативтік- информациялық мазмұннынан ажырап қалған.

Сонымен, көркем-педагогикалық процесте, соның ішінде мерекелеу процесінде, қатынасушылар мен ұйымдастырушылар тарапынан дәстүрлі үлгілермен байланыс жасамау мәдени сабактастыққа, оның ішінде жасампаздыққа нұқсан келтіретіні айқындалды.

Әдебиет

1 Шароев И.Г. Режиссура эстрады и массовых представлений.-М: Просвещение, 1986.

2 Баллер В.С. Культура. Диалог культур. Опыт определения // Вопросы философии.- 1989.- №6.

Резюме

Статья посвящена решению проблемы сохранения преемственности в освоении и создании культурных ценностей в процессе празднично-обрядовой деятельности. Как синкетическое явление культуры праздник обладает многосторонней возможностью сохранения, передачи, развития национальной культуры и формирования ценностных установок личности.

Summary

This article dealswith the problem of national culture sequence. Influence of festive-ritual work on the fixing of national selfconsciousness. One of the base influence over the selfconsciousness of personality is symbol. The symbols of festive-ritual work are the: word, sound, subjects-attributes., graphical signs, stagings, works of art. Using of meaning of ethnosingns will raise the positive results of holidays.